



**ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!**

ИССАПАР

БАСТЫ ТАЛАП – ҚҰРЫЛЫСТЫҢ САПАСЫ МЕН ЖҰМЫСТЫ ӨЗ МЕРЗІМІНДЕ АЯҚТАУ

Мемлекет басшысының өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру және инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру аясында Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев Жамбыл ауданына жұмыс сапарымен барды.

Аймақ басшысы білім, ауыл шаруашылығы, спорт және мәдениет салаларындағы маңызды жобалардың жүзеге асу барысын зерделеп, жауапты тұлғаларға нақты міндеттер жүктеді.

Жұмыс сапары аудандық орталық кітапханада жаңадан ашылған №531 сайлау учаскесінің жұмысымен танысудан басталды. Аталған учаскеде 1229 сайлаушы тіркелген. Облыс әкімі сайлау учаскесінің материалдық-техникалық базасын қарап, азаматтардың дауыс беруіне қолайлы жағдай жасау, қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз ету және ұйымдастыру жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізу қажеттігін атап өтті.

Одан кейін облыс әкімі Тоғызтарау ауылына барып,



Т.Токтаров атындағы орта мектепке салынып жатқан жапсарлас ғимараттың құрылыс барысын тексерді. Аймақ басшысы құрылыс сапасына ерекше назар аударып, жұмысты белгіленген мерзімнен кешіктірмей аяқтауды тапсырды.

Сапар барысында облыс әкімі осы ауылда «Жасыл белдеу» бағдарламасы аясында көктемде отырғызылған ағаш көшеттерінің жай-күйімен танысты. Жалпы аумағы 1,2 гектарды құрайтын жасыл аймақтағы көшеттердің күтімі мен суару жүйесінің

тиімділігіне мән беріп, аудан әкімдігіне ағаштардың жерсінуге көрсеткішін тұрақты бақылауда ұстауды, күтіп-баптау жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

→ 2

12 ТАМЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЖАСТАР КҮНІ

**ЖАСАМПАЗ ЖАСТАР
ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕККЕ
ЖОЛ АШАДЫ**

Жастық шақ – адамның арман қуып, мақсат қойып, сол мақсатына жетуге талпынатын ең бір ерекше кезеңі. Жастың бойындағы жігер мен қайрат, ізденіс пен талап дұрыс арнаға бағытталса, ол тұтас қоғамның дамуына серпін берері сөзсіз. Сондықтан қай қоғамда да жастарға артылар сенім мен жүктелер жауапкершілік жоғары.

Кейде ауыл көшесімен келе жатып, қолтығына кітабын қыстырып бара жатқан жасөспірімді, спорт алаңында жаттығып жүрген қыз-жігіттерді, қоғамдық іске белсене араласқан еріктілерді көргенде еріксіз «осылардың арманы қандай екен?» деген ой келеді. Бірі білім алып, маман болуды армандайды. Екіншісі кәсіп бастап, өзіне және өзгеге жұмыс бергісі келеді. Тағы бірі өнерге, спортқа немесе шығармашылыққа ден қойып, елге танымал болуды қалайды. Ал енді бірі туған ауылының көркеюіне өз үлесін қосуды мақсат етеді.

Міне, осы арман-мақсаттардың жүзеге асуына жағдай жасау – бүгінгі қоғамның ортақ міндеті. Өйткені жастар – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды қозғаушы күші ғана емес, мемлекеттің жарқын болашағының берік кепілі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жастарға ерекше көңіл бөлуі де сондықтан. Жастардың сапалы білім алуына, тұрақты жұмыспен қамтылуына, кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетуге, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, мәдени, рухани және қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстар еліміздің әр өңірінде жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Жамбыл ауданында да бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жастардың талап-тілегін ескеріп, олардың әлеуетін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізуде.

→ 4

АБАЙ КҮНІ

Ұлы ақынның өмірі сахналанды

10 тамызда елімізде Абай күні аталып өтеді. Биыл қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, философы, композиторы және қоғам ойшылы Абай Құнанбайұлының туғанына 181 жыл толды.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ



Абай өмірінің басты мұраты әдебиет, ағартушылық және халқының болашағы туралы толғаныс болды. Оның шығармашылығы қазақ жазба әдебиеті мен ұлттық мәдениеттің маңызды негіздерінің біріне айналды. Өлеңдері мен әйгілі қара сөздерінде ол білім мен еңбектің қадірі, адамның адамгершілік жауапкершілігі, әділдік, ел бірлігі және үнемі ізденіп, ой-өрісті дамыту қажеттігі туралы жазды. Оның мұрасында мәдениеттер үндестігі де ерекше орын алады. Музыка мәдениетінде де өшпес із қалдырды. Білім, еңбек, адамдық қадір-қасиет, жауапкершілік



пен қоғамның дамуы туралы ойлары арада бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Абай күні аудандық мәдениет үйінде кемеңгер тұлғаның құрметіне «Мен бір жұмбақ адаммын...» атты мюзикл қойылды. Аудан өнерпаздары ұлы ақынның жастық шағын, ересек кезін, ғашығы Тоғжанмен сырласқан сәттерін, қос ғашықтың қоштасу сәтін, Біржан салмен кездескен сәтті сахналады. Махаббат пен ғашықтық, өмір мен өлім туралы жазған өлеңдерін айтып, «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы» әндерін шырқады. Осылайша өнерпаздар Абайдың тұлғалық келбетін ашып қана қоймай, оның бойында болған өнер мен ізгі қасиеттерді дәріптеп көрсетті.

Абай күні – қоғамды үнемі алға ұмтылуға, білім іздеуге, өзіне және айналасындағы дүниеге сын көзбен қарауға шақырған тұлғаны еске алатын күн. Ал, Абай шығармашылығы еліміздің мәдени және зияткерлік өмірінің маңызды бір бөлшегі болып қала береді. Айтулы шарадан түйген пайымды ой осы.

Соңы. Басы 1-бетте

БАСТЫ ТАЛАП – ҚҰРЫЛЫСТЫҢ САПАСЫ МЕН ЖҰМЫСТЫ ӨЗ МЕРЗІМІНДЕ АЯҚТАУ



Өрнек ауылында облыс әкімі «Айтак» және «Төменгі Айтак» каналдарын қайта жаңғырту жобасының жүзеге асу барысын зерделеді. Жобаның жалпы құны – 2,053 млрд теңге. Қаржыландыру Еуропалық қайта құру және даму банкінің несие қаражаты есебінен жүзеге асырылуда. Құрылыс жұмыстары 2026 жылдың ақпанында басталып, 2028 жылдың шілдесінде аяқталады деп жоспарланған. Жоба аясында магистральдық және ішкі шаруашылық каналдарының бір бөлігі бетонмен қапталып, су өткізу мүмкіндігі айтарлықтай

артады. Нәтижесінде 4630 гектардан астам суармалы жердің сумен қамтылуы жақсарады.

Облыс әкімі су ресурстарын тиімді пайдалану бүгінде аса маңызды мәселе екенін айтып, құрылыс жұмыстарын белгіленген кестеге сай жүргізуді, сапаны қатаң бақылауды және суды үнемдеу технологияларын кеңінен енгізуді тапсырды.

Өңір басшысы «Сенгірбай» демалыс орнында болып, шомылу маусымының ұйымдастырылу деңгейімен танысты. Демалыс аймағында 72 адамға арналған тоғыз демалыс үйі, қонақ үй, тамақтану орны, интернет желісі және катамаран қызметі қарастырылған. Мұнда 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ербол Қарашөкеев туристік нысандарда қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуын,

көрсетілетін қызмет сапасын арттыруды және туристік әлеуетті дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелі жалғастыруды ескертті.

Бұдан кейін Тастөбе ауылында «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында салынып жатқан спорт кешенінің құрылысымен танысты. Өңір басшысы нысанның ауыл тұрғындарының бұқаралық спортпен айналысуына кең мүмкіндік беруі тиіс екенін атап өтіп, құрылыс сапасы мен мерзіміне қатысты жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар жүктеді.


Тастөбе ауылындағы «Тастөбе» шаруа қожалығының жұмысымен танысқан облыс әкімі ауыл шаруашылығында су үнемдеу технологияларын енгізудің тиімділігіне назар аударды. Шаруашылық 297 гектар жерді игеріп отыр. Оның ішінде 230 гектары егістік болса, 35 гектары суармалы алқап. Тамшылатып және жаңбырлатып суару технологиялары қолданылып келеді. Сонымен қатар шаруашылықта 200 бас ірі қара өсіріліп, алты адам тұрақты еңбекпен қамтылған. Биыл күздік бидай, арпа, қант қызылшасы, картоп, пияз және бақша дақылдарын егу жоспарланған. Өңір басшысы су үнемдеу технологияларын одан әрі кеңейтіп, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін арттыру бойынша жұмысты жалғастыруды тапсырды.

Костөбе ауылында 100 орындық жаңа орта мектептің құрылыс барысын көрді. Мердігер – «ҚазМұнайҚұрылыс» ЖШС. Заманауи білім ошағын биыл пайдалануға беру жоспарланып отыр. Ербол Қарашөкеев білім беру нысандарының құрылысында ең басты талап – сапа екенін айтып, барлық жұмысты белгіленген мерзімде аяқтауды міндеттеді.

Ш.Ниязбеков ауылында салынып жатқан мәдениет үйінің құрылысы да назардан тыс қалмады. Нысан «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Құрылыс жұмыстары 2025 жылғы 22 маусымда басталған, пайдалануға беру 2026 жылға жоспарланған. Облыс әкімі мәдениет нысандары ауыл тұрғындарының рухани өмірін жандандыратын маңызды орталық екенін атап өтіп, құрылыс қарқынын бәсеңдетпеді және жұмыстың сапасына ерекше көңіл бөлуді тапсырды.

Сапар соңында аталған ауылда орнатылған бірыңғай үлгідегі аялдамалар таныстырылды. Аймақ басшысы аялдамалардың заманауи әрі қолайлы үлгісін жоғары бағалап, мұндай жобаны аудан орталықтары мен ауылшілік көшелерде кезек-кезеңімен жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Жамбыл облысы әкімінің баспасөз қызметі.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес 2026 жылдың 21 тамызында Жамбыл ауданының әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Аса, Қаракемер ауылдық округі тұрғындарымен кездесу өткізеді.

Аса ауылы, М.Төлебаев атындағы балалар өнер мектебі, сағат 10.00.

Қаракемер ауылы, ауылдық клуб, сағат 11.30.

Өзгерістер болған жағдайда қосымша хабарланады.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервистердің көмегімен;



www.gov.kz/sailau



sailau.gov.kz



sailau2026.gov.kz

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді;

3. Сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған QR-кодты пайдалану арқылы.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 августа

КАК НАЙТИ УЧАСТОК ДЛЯ ГОЛОСОВАНИЯ?

Для голосования на выборах депутатов Курултая Республики Казахстан, которые состоятся 23 августа 2026 года, граждане Республики Казахстан могут найти свой участок следующими способами:

1. С использованием онлайн-сервисов посредством ввода индивидуального идентификационного номера (ИИН);



www.gov.kz/sailau



sailau.gov.kz



sailau2026.gov.kz

2. Посредством обращения в Call-центр акимата соответствующего населенного пункта по месту жительства. Номера Call-центров доступны на интернет-ресурсах акиматов;

3. С использованием QR-кода, размещенного в персональном приглашении избирателю.

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан.

МЕРЕКЕ МЕЗІРЕТІ

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Ең қажетті әрі құрметті кәсіптердің бірі – құрылысшы мамандығы. Құрылысшылар қоғам өмірінің әр саласына үлес қосып, елімізге бағытталған әлеуметтік маңызы зор ірі жобаларды іске асырып келеді. Құрылысшылардың қажырлы еңбегінің арқасында жаңа ғимараттар бой көтеріп, заманауи мектептер, ауруханалар, тұрғын үйлер мен жолдар салынып, халық игілігіне беріліп жатыр.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Елімізде тамыз айының екінші жексенбісі құрылысшылар күні ретінде атап өтіледі. Кәсіби мереке қарсаңында аудан әкімінің орынбасары Нұржан Мұқашев сала мамандарын қабылдап, айтулы күнмен құттықтап, ізгі тілегін арнады. Құрылыс саласының маңыздылығына тоқталып,



құрылысшылар ауданның әлеуметтік-экономикалық деңгейінің артуына айтарлықтай еңбек сіңіріп жатқанын тілге тиек етті.

– Еліміздің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты.

Мемлекет басшысының қолдауымен елімізде құрылыс саласын дамытуға барынша жағдай жасалды. Отандық құрылыс индустриясы қанат жайып, құрылыс материалдарын шығаратын өндіріс орындары көбейді. Кейінгі жылдары республика бойынша, оның

ішінде біздің өңірде де құрылыс қарқынды дамуда.

Осы ауқымды саланы алға жылжытуда құрылысшылар заманға сай білікті де білімді, іскер де қабілетті маман ретінде өзгелерге үлгі-өнеге болып, ауданның әлеуметтік-экономикалық деңгейінің артуына

айтарлықтай еңбек сіңіруде. Құрылысшылардың арқасында өңіріміз көркейе түсуде.

Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларыңызға амандық, еңбекте табыс тілеймін. Сіздер салған нысандар болашақ ұрпақтың жарқын өміріне қызмет етсін. Игілікті істеріңіз әрдайым жемісті болып, өңіріміздің дамуы мен гүлденуіне қосқан үлестеріңіз арта берсін, – деген Нұржан Нұрланұлы құрылыс саласында жемісті еңбек етіп жүрген бірқатар маманға марапат табыстады.

Мерекелік қабылдауда «АКМ GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас есепшісі Әсем Шыйқымбаеваға, учаске бригадир-мастері Жарас Назарбаевқа, маман Бакберген Пірмановқа, аудан әкімдігі сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің бас маманы Мақсат Бейшеханға, статист маман Дильназ Берікқожаға аудан әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Соңынан сөз сөйлеген аудан әкімдігі сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Жаксыбек Исаков Нұрлан Нұржанұлына сала мамандарын арнайы қабылдап, құрмет көрсеткені үшін ризашылығын білдірді.

СҰХБАТ

САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ САЯСИ НАУҚАНҒА ТАС-ТҮЙІН ДАЙЫН



2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Бүгінде саяси науқанға дайындық жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Сайлау учаскелері материалдық-техникалық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етіліп, мүмкіндігі шектеулі жандардың еш кедергісіз дауыс беруіне жағдай жасалған. Бұл туралы аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Еламан Алпысбаев айтты.

бірілескен жұмыстар жүргізілуде. Электр энергиясы, байланыс және интернет желілерінің тұрақты жұмыс істеуі бақылауға алынып, төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары қарастырылған.

– Мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында қандай шаралар қабылданды?

– Мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын толық әрі кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету аудандық аумақтық сайлау комиссиясының негізгі басым бағыттарының бірі болып табылады. Осы мақсатта аудандық аумақтық сайлау комиссиясының жанынан мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобы жұмыс жүргізуде. Жұмыс тобы мүшелері сайлау учаскелеріне зерделеу жұмыстарын жүргізіп, олардың қолжетімділік деңгейін бағалады.

Сайлау учаскелерінде пандустардың, кіреберіс жолдардың, арнайы бағыттаушы белгілердің, дауыс беруге қолайлы кабиналардың және

басқа да қажетті жағдайлардың болуы қамтамасыз етілуде. Қажет болған жағдайда мүгедектігі бар азаматтарға сайлау учаскесінде көмек көрсету мәселелері де қарастырылған. Сонымен қатар, денсаулық жағдайына байланысты сайлау учаскесіне келе алмайтын азаматтар үшін олардың өтініші негізінде тұрғылықты жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру мүмкіндігі көзделген.

Жергілікті атқарушы органдармен, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерімен, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен өзара іс-қимыл орнатылып, сайлау процесіне қатысу үшін тең мүмкіндіктер жасау бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде.

Басты мақсат – әрбір азаматтың, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың конституциялық сайлау құқығын толық көлемде іске асыруына жағдай жасау.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Шұғыла АҚШАБАЙ.

ЕҢБЕК ЖӘРМЕҢКЕСІ

Бүгінде жоғары оқу орнын бітіріп, дипломмен жұмысқа орналасқысы келетін жастар жетерлік. Оларды жұмыспен қамту, қажетті қолдау көрсету мемлекеттік маңызға ие іс. Бұл ретте тұрақты өткізілетін еңбек жәрмеңкелерінің маңызы зор. Өйткені айтулы шара жас мамандарға жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді.

ЖАСТАР ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУҒА МҮДДЕЛІ



Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Кеше Аса ауылындағы орталық алаңда аудандық білім бөлімі «Жастар ресурстық орталығымен» бірлесе 2026-2027 оқу жылына педагог кадрларды жұмыспен қамту мақсатында «Педагог лауазымына бос орындар жәрмеңкесін» ұйымдастырды. Шарада сөз сөйлеген аудандық білім бөлімінің басшысы Қуаныш Бақытұлы, «Жастар ресурстық орталығының» директоры Жандар Тоқсаба еңбек

жәрмеңкесі жас мамандарға жұмысқа орналасуға септігін тигізетініне сенім білдіріп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жәрмеңкеге педагогикалық жоғары және техникалық-кәсіптік білімі бар мамандар, педагогикалық оқу орындарының түлектері, сондай-ақ жұмысқа орналасуға ниетті жастар келді. Оларды аудандағы орта мектептердің директорлары жеке сұрақтарымен қабылдап, педагог лауазымына жұмысқа орналасу тәртібін жете түсіндірді. Барлық рәсім заңға сәйкес жүзеге асырылатынын айтып, пайдалы кеңестер берді.

Соңы. Басы 1-бетте

ЖАСАМПАЗ ЖАСТАР ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕККЕ ЖОЛ АШАДЫ

Орталықтың негізгі мақсаты – жастардың қоғамдағы орнын айқындауға, өз мүмкіндігін дұрыс пайдалануына, білім алып, еңбек етуіне, шығармашылықпен айналысуына және азаматтық белсенділігін арттыруына қолайлы орта қалыптастыру.

Жастарды жұмыспен қамту – осы бағыттағы маңызды міндеттердің бірі. 2026 жылдың 7 айында аудан бойынша жұмыспен қамтудың белсенді шараларына 683 жас тартылды. Оның ішінде 401 жас тұрақты жұмысқа орналасса, 89 жас ақылы қоғамдық жұмыстарға жіберілді. 35 жас «Жастар практикасы» бағдарламасына қатысып, 34 жас онлайн оқудан өтті. 10 жас әлеуметтік жұмыс орындарына жолдана, 76-сы «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін меңгерді.

Жастарды еңбекке баулу бағытында «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының да маңызы артып отыр. Аса ауылдық округінде ұйымдастырылған бағдарлама аясында наурызда 35, сәуірде 35, маусым айында 30 жас маусымдық жұмыспен қамтылды.

Еңбекпен шыңдалған жастың өмірге деген көзқарасы да өзгеше қалыптасатыны анық. Ол маңдай термен келген еңбектің қадірін түсінеді, жауапкершілікке үйренеді, елге пайдалы болудың мәнін сезінеді.

Ауыл жастары үшін «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасының да берері мол. Бағдарлама аясында жас мамандарға көтерме жәрдемақы беріліп, тұрғын үй алуға бюджеттік несиелер қарастырылуда. Бұл өз кезегінде ауылдық жерлерге білікті мамандарды тартуға және жастардың туған жерінде тұрақтап қалуына оң ықпал етуде.

Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» құқық қорғау органдарымен бірлесіп отырып, жүйелі жұмыстарды да атқарып келеді. Жыл басынан бері көмекке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 72 іс-шара өткізілді. Оның 25-і аудандық полиция бөлімі ювеналды полиция тобының қызметкерлерімен бірлесіп ұйымдастырылды. Сонымен қатар 16 кездесу, 18 акция және 13 әлеуметтік бейнеролик дайындалып, жалпы 4588 жас қамтылды.

«Қоғам сақшысы» акциясы аясында апта сайын рейдтік жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі таңда 20 түнгі рейд ұйымдастырылған. Жастар арасында лудомания, есірткі, киберкылмыс және аз алдындағы жауапкершілік мәселелері бойынша тұрақты профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Қоғам үшін маңызды мәселенің бірі – пробация есебіндегі жастармен жұмыс. 2026 жылдың 7 айының қорытындысы бойынша пробация қызметінің есебінде 33 жас тіркелген. Оларды қоғамға қайта бейімдеу мақсатында 16 іс-шара өткізілді. Бүгінде олардың 28-і жұмыспен қамтылған, 2 жас – бала күтімінде, 1 жас – жұмыссыз, 2 жас – студент. Пробация қызметімен бірлесіп рейдтер, кездесулер мен қайырымдылық акциялары ұйымдастырылып, мерекелік күндерде әлеуметтік қолдау көрсетілді. Сонымен қатар абаттандыру жұмыстарына тарту



арқылы олардың қоғамға араласуына мүмкіндік жасалуда.

Мұндағы басты мақсат – жазалау ғана емес, қателескен жасқа өмірден өз орнын табуға мүмкіндік беру, қоғамға бейімдеу. Жастармен жұмыста тағы бір маңызды мәселе – NEET санатындағы жастарды анықтап, оларды қоғам өміріне тарту. Осы бағытта аудан бойынша 345 жасқа мекенжайлық зерделеу жүргізілді. Нәтижесінде 169 жастың тіркелген мекенжайында тұрмайтыны анықталды. 53 жастың жұмыспен қамтылғаны, 32 азаматтың жұмыссыз екені белгілі болды. Сонымен бірге бірқатар жастың басқа өңірде тіркелгені, үй шаруасында екені, шетелде жүргені немесе мәртебесінің өзгергені анықталды.

Осының нәтижесінде аудан бойынша NEET санатындағы жастардың нақты саны нақтыланып, олармен жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау бағытындағы адрестік жұмыстар жалғасын табауда. Жастардың әлеуметтік жағдайымен қатар, олардың психологиялық саулығы да назардан тыс қалған жоқ. Қазіргі қоғамда жасөспірімдер мен жастардың психологиялық тұрғыдан қолдау табуы аса маңызды. Осыған орай суицидтің, ерте жүктіліктің, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, буллинг пен лудоманияның алдын алу бағытында тренингтер, кездесулер мен «дөңгелек үстел» отырыстары өткізілді.

Атап айтқанда, суицидтің алдын алу бойынша 23 тренинг өткізіліп, 358 жас қамтылды. Репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша 3 «дөңгелек үстел» отырысы ұйымдастырылып, оған 150 жас қатысты. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында 19 кездесу өткізіліп, 501 адам қамтылды.

«Заң және тәртіп» қағидаты аясында да құқықтық түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. Ал отбасылық құндылықтарды насихаттау, некенің маңызын арттыру және жастар арасында жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру мақсатында арнайы неке куәлігін салтанатты түрде табыстау жобасы жүзеге

асырылуда. Неке және отбасылық құндылықтарды дәріптеу бағытында 24 іс-шара ұйымдастырылып, 197 адам қамтылды.

Жастардың рухани тәрбиесі мен діни сауаттылығын арттыру да – уақыт талабынан туындаған маңызды міндет. Жыл басынан бері осы бағытта 37 ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы өткізіліп, 1864 жас қамтылды. Кездесулер барысында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, дәстүрлі дін құндылықтарын насихаттау, жат діни ағымдардың зиянын түсіндіру, зайырлы мемлекет қағидаттарын дәріптеу, әлеуметтік желідегі діни қауіптердің алдын алу, отбасы құндылықтары мен конфессияаралық келісімді нығайту мәселелері кеңінен түсіндірілді.

Бұл жұмыстардың барлығы жастардың санасында дұрыс дүниетаным қалыптастырып, рухани иммунитетін күшейтуге бағытталған.

Әрине, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастырусыз жастар саясатын толыққанды елестету мүмкін емес. Осы ретте аудандық «Жастар ресурстық орталығы» тарапынан қолға алынған жобалардың аясы кең. «Кітап ал, кітап сыйла», «АуылБAY», «Қараоқы кеші», «Қыздарға арналған фитнес зал», «Кино тайм», «Сөз мергені» айдары, «JaSStarga kenes» рубрикасы, «MINDQURYLTAU» интеллектуалдық ойыны, «Отбасы банк» кеңес беру орталығы, «Сыр сұхбат», «Жас ақындар» аула клубы, «Психологиялық көмек көрсету орталығы», «Неке куәлігін салтанатты түрде табыстау орталығы», «Би үйірмесі» секілді жобалар жастардың қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Олардың әрқайсысының өзіндік мәні бар. Бірі жастарды кітап оқуға шақырса, енді бірі ұлттық құндылықтарды дәріптейді. Бір жоба шығармашылыққа баулыса, екіншісі спортпен шұғылдануға мүмкіндік береді. Ал интеллектуалдық жобалар жастардың ойлау қабілетін жетілдіріп, білімге деген қызығушылығын арттыруды көздейді.

Әлеуметтік бағыттағы «Сән салоны» жобасының да орны бөлек. Ол әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға,

көпбалалы аналарға және тұрмыстық қиындықтарға байланысты өзіне уақыт бөле алмайтын әйелдерге арналған. Жоба аясында орталықтың қабілетті жастары тегін шаш кию және сәндеу қызметтерін көрсетіп, игі істің жарқын үлгісін көрсетуде.

Ал «Qazaqy Bolmys» жобасы ауыл келіндерінің бір күндік өмірін, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерді және ұлттық тәрбиені жаңа форматта насихаттауға бағытталған. Қазіргі таңда жобаның екі шығарылымы жарық көрді.

«MedVolunteer: Салауатты ұлт» жобасы қоғам денсаулығын жақсартуға және аурудың алдын алуға бағытталса, «Таңғы шай» жобасы жастар мен қоғам өкілдеріне рухани-танымдық алаң ретінде қызмет етеді. Мұнда қатысушылар тәжірибе алмасып, өмірлік ұстанымдары мен пайдалы ойларын ортаға салады.

Қарасу ауылдық округінде іске қосылған «Қыздарға арналған фитнес зал» жобасы да – жастардың оң бастамаларының бірі. Оның басты мақсаты – салауатты өмір салтын қалыптастырып, қыздардың спортпен тұрақты айналысуына жағдай жасау.

2026 жыл Мемлекет басшысының бастамасымен «Жасанды интеллект жылы» ретінде белгіленуіне байланысты орталығымыз заман талабына сай цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын жұмыс үдерісінде кеңінен қолдануға мән беруде. Бұл жастардың жаңа технологияларды меңгеруіне және олардың заманауи дағдыларын қалыптастыруға да мүмкіндік береді.

Бүгінде жастардың өмірін әлеуметтік желісіз елестету қиын. Сондықтан жастар саясатын насихаттауда цифрлық платформалардың мүмкіндігін кеңінен пайдаланудамыз. 2026 жылдың басынан бері Instagram желісінде 1224, Facebook-та 1205, TikTok-та 1003, YouTube платформасында 151 жарияланым жарық көрді. Сонымен қатар аудандық және облыстық басылымдарда жастар саясатына қатысты мақалалар тұрақты жарияланып келеді.

Ал 12 тамыз – Халықаралық жастар күні қарсаңында аудан жастары үшін мерекелік іс-шаралар легі

жалғасуда. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, ұлттық және рухани құндылықтарды дәріптеу мақсатында бірқатар ауқымды шаралар ұйымдастырылуда.

Мерекелік шаралар кино апталығының ашылуымен басталды. Апталық барысында жастарға түрлі мазмұндағы фильмдер ұсынылып, олардың рухани әрі мәдени тұрғыдан пайдалы уақыт өткізуіне мүмкіндік жасалуда. Бүгінге дейін екі мәрте кино көрсетілімі ұйымдастырылды.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында «Гүлденген аула» жобасы қолға алынды. Жоба аудандық «Жастар ресурстық орталығы» мен Аса ауылдық округі әкімі аппаратының бірлесуімен жүзеге асырылуда. Жоба аясында Аса ауылының кіреберісін абаттандыру және көркейту жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда жол жиегі арнайы техниканың көмегімен жыртылып, күз мезгілінде гүл көшеттерін отырғызуға дайындық жасалуда.

Өнерлі жастардың басын қосқан «Жастар Energy» концерттік бағдарламасы да мерекелік шаралардың мәнін арттыра түсті. Концерт Шәкен Ниязбеков ауылында басталып, екінші күні Айшабибі ауылында жалғасты. Жастар сахна тәрізінде өз өнерлерін көрсетіп, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Біз нашакорлыққа қарсымыз!» тақырыбында ұзақ кашықтыққа жүгіруден аудандық марафон ұйымдастырылды. Спорттық шара жастардың зиянды әдеттерден аулақ болуға, денсаулығына жауапкершілікпен қарауға және спортпен тұрақты айналысуға үндеді.

Жастардың игі істерінің қалыптасуына қайырымдылық шаралары да бар. «Жастар ресурстық орталығының» бастамасымен көпбалалы отбасылардан шыққан ұл балаларға шаштараз қызметі тегін көрсетілді. Қарапайым көрінгенімен, мұндай шараның тәрбиелік мәні зор. Себебі мейірімділік пен жанашырлықты сөзбен ғана емес, іспен көрсету қоғамның адамгершілік негізін нығайтады.

Жалпы аудандық «Жастар ресурстық орталығының» 2026 жылдың 7 айында атқарған жұмыстары жастардың әр саланы қамтығанын аңғартады. Мұнда жұмыссыз жастарды жұмыспен қамту да, құқық бұзушылықтың алдын алу да, психологиялық қолдау көрсету де, спорт пен өнерге тарту да, рухани және діни сауаттылығын арттыру да қатар жүреді.

Жастарға сенім артылған жерде болашаққа сенім бар. Ал жастардың бастамасына қолдау көрсетіп, олардың білім алуына, еңбек етуіне, өнер көрсетуіне, спортпен айналысуына, өз орнын табуына жағдай жасау – баршаға ортақ міндет.

Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын тауып, аудан жастарының жаңа бастамалары мен тың жобаларына жол ашыла бермек.

Жандар ТОҚСАБА,
аудандық «Жастар ресурстық орталығының» директоры.

Меншік иесі:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор:
Айман ТЛЕУКЕЕВА

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98
Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың
орынбасары:

Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер-теруші:

Бас редактордың

орынбасары:

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Шұғыла АҚШАБАЙ

Ғалия АЛИЕВА

2-20-24

2-13-44

87059774177

87474240395

87770284244

87075853423

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №KZ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 1998 Тапсырыс №514

Нөмірдің кезекшісі: Шұғыла АҚШАБАЙ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.

Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.